

Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифінің оптикалық талшықтарды өндіру үшін бастапқы нысандардағы эпоксидті және полиуретанды шайырлардың жекелеген түрлеріне қатысты кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2024 жылғы 1 наурыздағы № 12 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің 16 және 18-тармақтарына (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 1 қосымша) және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне тіркелген № 1 қосымшаның 4-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссиясы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифінің ЕАЭО СЭҚ ТН 3907 30 000 1 және 3909 50 900 1 кодтарымен жіктелетін оптикалық талшықтарды өндіру үшін бастапқы нысандардағы эпоксидті және полиуретанды шайырлардың жекелеген түрлеріне қатысты кедендік әкелу баждарының мөлшерлемелері 2024 жылғы 1 наурыздан бастап 2026 жылғы 28 ақпанды қоса алғанда кедендік құнның 0 пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 3907 30 000 1 және 3909 50 900 1 кодтары бар позицияларда Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифіне ескертуге "84C)" сілтемесі "94C)" сілтемесімен ауыстырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелерде: 84C ескерту күші жойылды деп танылсын;

мынадай мазмұндағы 94C ескертумен толықтырылсын:

"94C) Кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшерінде кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі 01.03.2024 бастап 28.02.2026 қоса алғанда қолданылады."

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді және 2024 жылғы 1 наурыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	С. Жұманғарин	А. Касымалиев	А. Оверчук

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК